



Haileybury Astana

Ата-Аналарға арналған

БАҚЫЛАУ

НҰСҚАУЛЫҒЫ



КІРІСПЕ

Бүгінгі технологиялық дәуірде балалардың интернеттегі қауіпсіздігін сақтау - ата-аналар үшін өте өзекті мәселе.

Бұл ата-аналарға арналған нұсқаулық балалардың экран алдында өткізетін уақытын шектеу, онлайн қауіпсіздік туралы әңгімелесу, кибербуллинг сияқты ықтимал мәселелерді анықтау және шешу, сондай-ақ түрлі әлеуметтік желілерде ата-аналық бақылау функцияларын қосу жолдарын түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, балаңызбен ашық сөйлесу және айқын ережелер орнату - оның саналы әрі жауапты сандық мәдениетті қалыптастыруына ықпал ететін негізгі факторлар болып табылады.

I-БӨЛІМ

Ата-аналық Бақылауды Түсіну

Ата-аналық бақылау - бұл әртүрлі құрылғыларда, қосымшалар мен онлайн платформаларда ұсынылатын функциялар жиынтығы. Олар ата-аналарға балаларының интернеттегі әрекеттерін бақылауға және ықтимал қауіптерден қорғауға көмектеседі.

Интернет көптеген пайдалы ақпарат пен мүмкіндіктер ұсынғанымен, ол сонымен қатар балаларды орынсыз контентке, алаяқтыққа және басқа да онлайн қауіптерге ұшыратуы мүмкін. Сондықтан ата-аналық бақылаудың маңызы зор. Оның ішінде: орынсыз ақпараттан қорғау, экран

алдында өткізілетін уақытты шектеу, салауатты әдеттерді қалыптастыру, жауапты онлайн мінез-құлықты дамыту, ата-ана мен бала арасындағы сенімді және ашық қарым-қатынасты нығайту, жалған ақпарат пен интернет алаяқтықтарының алдын алу.

2-БӨЛІМ

Ата-аналарға Арналған Жалпы Нұсқаулық

Баламен ашық қарым-қатынас орнатып, бірлесе әрекет ету - балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Осындай тәсіл арқылы сіз балаңызға сандық әлемді жауапкершілікпен әрі сенімді түрде игеруге мүмкіндік беретін қауіпсіз орта қалыптастырасыз.

Сандық шектеулер орнату:



Отбасыңызбен талқылаңыз

Отбасыңызбен жиналғанда онлайн қауіпсіздік пен күтілетін мінез-құлық ережелерін талқылаңыз



Жас ерекшелігіне сай ережелер

Кішкентай балаларға арналған ережелер жасөспірімдерге арналған ережелерден өзгеше болуы керек



Құрылғысыз аймақтар

Ұйықтайтын бөлме немесе ас үй сияқты құрылғыларға тыйым салынған аймақтарды белгілеңіз



Құрылғыларды қолданбау уақыты

Кешке белгілі бір уақытта құрылғыларды өшіріп, қолданбайтын уақыт белгілеңіз



Ашық коммуникация

Балаларды олардың онлайн тәжірибелері туралы - жақсысы, жаманы - еркін айтуға ынталандырыңыз



Үлгі болыңыз

Тынығу, үзіліс жасау және бетпе-бет қарым-қатынасты бірінші орынға қою сияқты әдеттерді өзіңіз үлгі етіңіз

Балалармен интернет қауіпсіздігі туралы әңгімелесу

Қызығушылық таныту

Интернет қауіпсіздігі туралы сөйлескенде ашық сұрақтар қойыңыз

«Егер осылай болса...» ойыны

Интернеттегі ықтимал қауіптер туралы әңгімелесіп, түрлі жағдайлардан шығу жолдарын бірге ойластырыңыз

Сандық әлемдегі ізіміз

Интернетке жарияланған ақпараттың салдарын және жеке мәліметтердің құпия сақталуының маңыздылығын талқылаңыз

Құпия сөзді қорғау

Балаларға мықты құпия сөздерді қолданудың және оларды ешкіммен бөліспеудің маңызын түсіндіріңіз

«Хабарлау» батырмасы

Жарамсыз контентті немесе кибербуллингті қалай хабарлау керектігін түсіндіріңіз

Кибербуллингті тану және оның алдын алу

Мазасыздық белгілері

Балаңыздың көңіл күйіндегі өзгерістерге, тұйықталуына немесе онлайн әрекеттерін жасыруына назар аударыңыз

Дәлел жинау

Кибербуллинг фактілерін растау үшін экран суреттерін (скриншоттарды) немесе хабарламаларды сақтап қойыңыз

Ашық әңгіме

Балаңызбен сөйлесіп, сіздің әрдайым көмектесуге дайын екеніңізді білдіріңіз

Хабарлау және бұғаттау

Кибербуллинг әрекеті байқалса, оны платформа әкімшілігіне хабарлап, бұзақыны бұғаттаңыз

Көмек

Жағдай ауыр болса, мектеп әкімшілігіне немесе кәсіби мамандарға (психологқа) жүгініңіз



3-БӨЛІМ

Әлеуметтік Желілерге Шолу

Баламен ашық қарым-қатынас орнатып, бірлесе әрекет ету - балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Осындай тәсіл арқылы сіз балаңызға сандық әлемді жауапкершілікпен әрі сенімді түрде игеруге мүмкіндік беретін қауіпсіз орта қалыптастырасыз.




	Артықшылықтары	Қауіптер
 FACEBOOK Бұл отбасымен және достарыңызбен байланысып, өміріңіздегі сәттермен бөлісуге мүмкіндік беретін әлеуметтік желі платформасы. * Facebook платформасында тіркелу үшін пайдаланушының жасы кемінде 13 жаста болуы тиіс. Алайда жас өз бетінше енгізілетіндіктен, кіші жастағы балалар өз жасын дұрыс көрсетпеуі мүмкін.	• Достармен және туыстармен байланыста болуға мүмкіндік береді. • Өмірлік оқиғаларды атап, қызығушылықтармен бөлісуге көмектеседі. • Жаңалық көздерінен ақпарат алып, өзекті мәселелерден хабардар болу. • Ортақ қызығушылықтарға негізделген топтар мен қауымдастықтарды таба аласыз.	• Кибербуллингке ұшырау ықтималдығы. • Жеке ақпаратты шамадан тыс бөлісу қаупі. • Дұрыс емес немесе жалған ақпаратты ажыратудың қиындығы. • Артық уақыт экран алдында өткізу (шамадан тыс отыру).
 INSTAGRAM Бұл фото және видео бөлісуге арналған қосымша. * Instagram платформасында тіркелу үшін пайдаланушының жасы кемінде 13 жаста болуы тиіс. Алайда жас өз бетінше енгізілетіндіктен, кіші жастағы балалар өз жасын дұрыс көрсетпеуі мүмкін.	• Өз өміріңіз бен хоббиіңізбен бөлісуге мүмкіндік береді. • Достармен және отбасы мүшелерімен байланыста болу. • Жаңа идеялар мен үрдістерді (трендтерді) табуға мүмкіндік береді. • Ортақ қызығушылықтары бар адамдарды тауып, олармен байланыс орната аласыз.	• Теріс пікірлер мен мінсіз өмір бейнесін көрсету қысымына ұшырау. • Зорлық-зомбылық немесе сексуалды мазмұндағы материалдар. • Мінсіз келбеттерге назар аудару өз-өзіне сенімсіздік тудыруы мүмкін. • Шексіз айналдыру (scrolling). • Экран алдында көп уақыт өткізу.

	Артықшылықтары	Қауіптер
 TIK TOK Бұл қолданушыларға видео жасауға, өңдеуге, табуға және бөлісуге мүмкіндік беретін әлеуметтік медиа платформасы. * TikTok платформасында тіркелу үшін пайдаланушының жасы кемінде 13 жаста болуы тиіс. Алайда жас өз бетінше енгізілетіндіктен, кіші жастағы балалар өз жасын дұрыс көрсетпеуі мүмкін.	• Достармен және отбасы мүшелерімен байланыста болу. • Өмірдегі маңызды сәттер мен қызығушылықтармен бөлісуге мүмкіндік береді. • Жаңалық көздерін қадағалап, ақпараттан хабардар болуға көмектеседі. • Ортақ қызығушылықтары бар қауымдастықтар мен топтарды табу.	• Модерация шараларына қарамастан, балағаттау, зорлық-зомбылық немесе ересектерге арналған тақырыптар сияқты орынсыз контентке тап болу. • Қысқа әрі тез видеолар тәуелділік тудырып, экран алдында шамадан тыс уақыт өткізуге әкелуі мүмкін. • Кибербуллинг мен «челленджер» қысым немесе жағымсыз эмоциялар тудыруы мүмкін. • Дененің сыртқы келбеті мен сұлулық стандарттарына байланысты өзін төмен бағалау қаупі бар.
 SNAPCHAT Бұл пайдаланушыларға суреттер мен видеолар (Снар деп аталады) алмасуға мүмкіндік беретін хабар алмасу қосымшасы. * Snapchat платформасында тіркелу үшін пайдаланушының жасы кемінде 13 жаста болуы тиіс. Алайда жас өз бетінше енгізілетіндіктен, кіші жастағы балалар өз жасын дұрыс көрсетпеуі мүмкін.	• Достармен және отбасы мүшелерімен байланыста болу. • Өмірдегі маңызды сәттер мен қызығушылықтармен бөлісуге мүмкіндік береді. • Жаңалық көздерін қадағалап, ақпараттан хабардар болуға көмектеседі. • Ортақ қызығушылықтары бар қауымдастықтар мен топтарды табу.	• Достармен және отбасы мүшелерімен байланыста болу. • Өмірдегі маңызды сәттер мен қызығушылықтармен бөлісуге мүмкіндік береді. • Жаңалық көздерін қадағалап, ақпараттан хабардар болуға көмектеседі. • Ортақ қызығушылықтары бар қауымдастықтар мен топтарды табу.
 YOUTUBE Бұл қолданушыларға кез келген тақырыпта видеоларды көруге, жүктеуге және бөлісуге мүмкіндік беретін әлемдегі ең ірі онлайн видео платформалардың бірі. * YouTube-та тіркелу үшін пайдаланушының жасы кемінде 13 жаста болуы тиіс. Алайда кіші жастағы балалар өз жасын дұрыс көрсетпеуі мүмкін. Балаларға арналған YouTube Kids-тің қауіпсіздік деңгейі жоғары.	• Үлкен көлемдегі білім беру және ойын-сауық контентіне тегін қол жеткізу мүмкіндігі. Бейне жасау арқылы шығармашылық қабілетті дамытуға көмектеседі. • Қызығушылық салаларын зерттеуге және қауымдастықтармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Жаңа дағдылар мен хоббилерді үйренуге арналған пайдалы платформа.	• Зорлық-зомбылық, балағат сөздер сияқты орынсыз контент болуы мүмкін. Ұсыныс алгоритмдері тәуелділік тудырып, экран алдында артық уақыт өткізуге әкеледі. • Пікірлерде кибербуллингке тап болу қаупі бар. • Пікірлер арқылы жаман ниеттегі адамдармен байланысқа түсу қаупі бар. • Шындыққа жанаспайтын видеолар мен әлеуметтік қысым (сұлулық стандарттары, материализм) балалардың өзін-өзі бағалауына кері әсер етуі мүмкін).

Артықшылықтары	Қауіптер
 GOOGLE CHROME Бұл интернетте іздеуге, сайттарға кіруге және онлайн контентті (видео, ойын, әлеуметтік желі, оқу платформалары және т.б.) көруге мүмкіндік беретін кеңінен қолданылатын веб-браузер. * Google Chrome-да нақты жас шектеуі жоқ, бірақ жеке аккаунты пайдалану үшін бала кемінде 13 жаста болуы керек. Кіші жастағы балалар Chrome-ды ата-аналар басқаратын Google Family Link арқылы пайдалана алады.	• Білім беру ресурстарына, зерттеу құралдарына және оқу платформаларына жеңіл қол жеткізу. • Өнімділікті және шығармашылықты арттырады (мысалы, Google Docs, Slides, Drive). • Құрамында Safe Browsing және қалқып шығатын терезелерді бұғаттау сияқты кіріктірілген қауіпсіздік функциялары бар. • Ата-аналар немесе мектептер тарапынан басқарылып, қауіпсіз онлайн орта құруға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға
Арналған Бақылау
Мүмкіндіктері

- SafeSearch арқылы орынсыз контентті сүзгіден өткізу.
- Family Link көмегімен сайттарды бұғаттау немесе тек рұқсат етілген сайттар тізімін жасау.
- Белсенділік туралы есептер мен экран уақытын шектеу.
- Chrome мектеп тарапынан басқарылуы мүмкін, бұл қатаң қауіпсіздік параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді.



4-БӨЛІМ

Қосымшалар Үшін Егжей-Тегжейлі Нұсқаулық



FACEBOOK

1. Беттің төменгі оң жағындағы профиль белгішесін басыңыз.
2. Жоғарғы оң жақтағы баптаулар (settings) бөліміне кіріңіз немесе төменге жылжытып, “Баптаулар және құпиялылық” - “Баптаулар ” таңдаңыз.
3. Supervision (Бақылау) батырмасын басыңыз.
4. Family Centre (отбасы орталығы) қызметін іске қосу үшін балаңызға шақыру жіберіңіз.



INSTAGRAM

1. Төменгі оң жақтағы профиль белгішесін басыңыз.
2. Жоғарғы оң жақтағы баптаулар (settings) бөліміне кіріңіз.
3. Төменге жылжытып, Supervision (Бақылау) бөлімін таңдаңыз.
4. Family Centre қызметін іске қосу үшін балаңызға шақыру жіберіңіз.



TIKTOK

1. Төменгі оң жақтағы профиль белгішесін басыңыз.
2. Жоғарғы оң жақтағы баптаулар (settings) белгішесін басыңыз, содан кейін “Баптаулар және құпиялылық” таңдаңыз.
3. Төменге жылжытып, “Content and display” - “Family Pairing” бөлімін табыңыз.
4. Parent (ата-ана) нұсқасын таңдаңыз.
5. Family Pairing қызметін іске қосу үшін балаңызға шақыру жіберіңіз.



SNAPCHAT

1. Іздеу жолағына “қауіпсіздік”, “отбасы” немесе “ата-ана” сөздерін енгізіңіз - сонда Family Centre шығады.
2. Family Centre ашылған соң, балаңызды қосылуға шақырыңыз.
3. Балаңызға шақыру картасы жіберіледі - балаңыз қатысу үшін оны қабылдауы керек.
4. Балаңыз қабылдағаннан кейін, сіз Family Centre арқылы балаңыздың достарын көре аласыз, кіммен сөйлесіп жатқанын бақылай аласыз, қатыгездік немесе орынсыз әрекеттер туралы хабарлай аласыз.



YOUTUBE

YouTube Kids бұл арнайы балаларға арналған нұсқа, онда балалар өз қызығушылықтарына сай видеоларды қауіпсіз түрде қарай алады.

Балаңыздың Google Chrome параметрлерін басқару жолы

Балаңыздың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету дұрыс баптаулардан басталады. Chrome аккаунтындағы шектеулерді тексеріп, басқару үшін төмендегі қарапайым қадамдарды орындаңыз.

1-қадам: Chrome аккаунтының бақыланынын тексеру



1. Балаңыздың құрылғысында Chrome ашыңыз.
2. Жоғарғы оң жақтағы профиль белгішесін басыңыз.
3. “Парақшамды басқару” батырмасын басып, баптауларды тексеріңіз және қажет болса өзгертіңіз.

2-қадам: Ата-аналық бақылау үшін Google Family Link

1. families.google.com сайтына кіріңіз немесе Family Link ашыңыз.
2. Балаңыздың профилін таңдаңыз.
3. “Controls” → “Content restrictions” → “Google Chrome” тармағына өтіңіз.
4. Мұнда сіз:
 - Қауіпсіз интернет функциясын қоса аласыз;
 - Тек рұқсат етілген сайттарға қол жеткізуге функциясын қосып;
 - Ашық, ересектерге арналған контентті бұғаттай аласыз.

3-қадам: SafeSearch-ті қосу

1. google.com/preferences сайтына кіріңіз.
2. SafeSearch функциясын қосыңыз (ол орынсыз контентті сүзеді).
3. Төменге жылжытып, “Save” (Сақтау) батырмасын басыңыз.



Ойын Консольдері

Ата-аналар төмендегі сілтемелер арқылы ойын консольдерінде ата-аналық бақылауды орната алады.



<https://www.playstation.com/en-ae/support/account/ps5-parental-controls-spending-limits/>



<https://support.xbox.com/en-gb/help/xbox-360/security/xbox-live-parental-control>



<https://www.nintendo.com/au/apps/parental-controls/?srsltid=AfmBOorFmFdYZvuv9-kGgb0uVQbProiraLyxs0UkceRkrFHrVVeFnu8q>

SECTION 5

Үкімет Ресурстары

КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫ ХАБАРЛАУ:

Ата-аналар интернеттегі қылмыстар немесе күмәнді әрекеттер туралы ресми үкіметтік порталдар немесе жергілікті құқық қорғау органдары арқылы хабарлай алады.

Қазақстанда бұл үшін <https://egov.kz> сайтына кіріп, «Киберқауіпсіздік» немесе «Интернет-қылмысты хабарлау» бөлімін таңдаңыз.

БАЛАЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢДАРДЫҢ ШОЛУЫ:

Қазақстан кәмелетке толмағандарды зиянды интернет әсерінен және киберқауіптерден қорғауға бағытталған бірқатар заңдарды қолданады. Негізгі тармақтар мыналар:



Кәмелетке толмағандарға зиянды немесе экстремистік мазмұн таратуға тыйым салынады.

Кибербуллинг пен қудалау фактілерін міндетті түрде хабарлау талап етіледі.

Білім беру ұйымдарында ата-аналық бақылау құралдарын пайдалану бойынша нұсқаулықтар.

Толығырақ ақпаратты «Балалардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» заңнан қараңыз.

ҚОСЫМША РЕСУРСТАР:

Балалар қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық сенім телефоны:
111 нөміріне қоңырау шалу арқылы жедел көмек алыңыз.

Киберқауіпсіздік туралы ақпараттық портал:
<https://cybersecurity.kz> – кеңестер мен жаңалықтар.





Haileybury Astana

www.haileybury.kz

+7 (7172) 55 98 55

Haileybury Astana білім берудің барлық саласында қауіпсіздік пен қамқорлықты басты назарда ұстайды.

 hbastana

 haileyburyastana

 haileybury-astana

 HaileyburyAstanaOfficial

 HaileyburyAstana

 Haileybury Astana